

**Батыс Қазақстан облысында кең таралған пайдалы қазба байлықтар бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімдердегі қол қойылған бонустардың мөлшерін белгілеудің тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы әкімінің 2000 жылғы 16 қарашадағы № 196 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2000 жылғы 21 желтоқсанда № 630 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы № 29 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыс әкімдігінің 2009.01.26 № 29 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Жарлығына, Қазақстан Республикасының "Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Қол қойылған бонустың көлемін белгілеу туралы" 2000 жылғы 8 тамыздағы № 12-3-1/10797 хатына сәйкес **ШЕШІМ Е Т Е М І Н :**

Батыс Қазақстан облысында кең таралған қазба байлықтар бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімдердегі қол қойылған бонустардың мөлшерін белгілеудің тәртібі жөніндегі Ереже қосымшадағыға сәйкес бекітілсін.

*Облыс әкімі*

Б а т ы с	Қ а з а қ с т а н	о б л ы с ы	ә к і м і н і ң
2 0 0 0	ж ы л ғ ы	1 6	қ а р а ш а д а ғ ы
№	1 9 6		ш е ш і м і н е

қосымша

**Батыс Қазақстан облысында кең таралған пайдалы қазба байлықтар бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімдердегі қол қойылған бонустардың мөлшерін белгілеудің тәртібі туралы ЕРЕЖЕ**

1. Осы Ереже Батыс Қазақстан облысында кең таралған қазба байлықтар бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімдердегі қол қойылған

бонустардың мөлшерін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қазандағы № 2828 заң күші бар Жарлығының өзгерістерімен және қосымшаларымен қоса 9-бабының 5-тармағына сәйкес облыстың атқару органдары кең таралған қазба байлықтарды өндіруге (барлауға) жер қойнауын пайдаланушылармен орындалатын келісім жасасады және тіркейді .

3. Қазақстан Республикасының "Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі № 2235 Заңының өзгерістерімен және қосымшаларымен қоса 96-1 бабындағы 1-тармағына сәйкес (бұдан әрі - Заң), " қол қойылған бонустардың шартты мөлшерін Қазақстан Республикасы Үкіметі немесе құзыретті органдар белгілейді".

4. Қол қойылған бонустың түпкілікті мөлшері экономикалық құндылығына қарай салықтық сараптаманы өткізу кезінде жер қойнауын пайдаланушылармен жүргізілген келіссөз аясында белгіленеді.

5. Келісімнің түріне байланысты кең таралған қазба байлықтар жөніндегі қол қойылған бонустардың мөлшерін белгілеу үшін төмендегідей әдістеме қ о л д а н ы л а д ы :

1. Кең таралған қазба байлықтарды барлау және өндіру келісімдерін біріктіру үшін егер оның қоры айқындалмаса, бірақ геологиялық жағына нақтыланып, мәлімделсе, онда:  $0,5 \times (C_{п} \times 0,1\%)$ ,  $0,5$  - тәуекелдік коэффициенті,  $C_{п}$  - келісімнің әрекет ету кезінде шығарылған қордың жобаланған құны. Сонымен қол қойылған бонустың ең төменгі мөлшері 300 шартты бірліктен (үш жүз АҚШ доллары) кем болмауы тиіс .

2. Кең таралған қазба байлықтарды өндіруге арналған келісімдер үшін:  $C \times K$ , мұнда  $C$  - келісімнің әрекет ету кезінде шығарылған қордың құны,  $K$  - қолданылатын проценттік көлем, ол 0,1 проценттен кем емес. Сонымен қол қойылған бонустың ең төменгі мөлшері 500 шартты бірліктен (бес жүз АҚШ доллары) кем болмауы тиіс .

6. Техногендік құрылымдарды өңдеуге арналған Келісімдер үшін қол қойылған бонустың көлемі 1000 шартты бірліктен (бір мың АҚШ доллары) кем емес белгіленеді.